

**2019-2021 жылдарға арналған
Маржанбұлақ ауылдық округ
бюджетін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік кодексінің 9-1 және 52-1 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 23 қаңтарындағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, Алға аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2019-2021 жылдарға арналған Маржанбұлақ ауылдық округ бюджеті 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2019 жылға мына көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер - 49 088 мың теңге;

оның ішінде:

салықтық түсімдер - 3317 мың теңге;

трансферттер түсімдері - 45 771 мың теңге;

2) шығындар –49 088 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредит беру –0 мың теңге;

оның ішінде:

бюджеттік кредиттер - 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге;

оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу - 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы - 0 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру - 0 мың теңге.

2.Маржанбұлақ ауылдық округ бюджетінің кірісіне есептелетіндігіескерілсін:

салықтық түсімдер:

жеке табыс салығы;
жеке және заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер мүлкіне салық;
жер салығы;
бірыңғай жер салығы;
көлік құралдарына салық;

3. Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 30 қарашадағы «2019-2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңының 8 бабына сәйкес белгіленгені еске және басшылыққа алынсын:

2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап:

- 1) жалақының ең төмен мөлшері – 42 500 теңге;
 - 2) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш - 2 525 теңге;
 - 3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 29 698 теңге.
4. 2019 жылға арналған ауылдық округ бюджетінде аудандық бюджеттен берілетін субвенциялар 45771 мың теңге сомасында ескерілсін.
5. "Алға аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Алға аудандық Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялауға жіберуді;

3) осы шешімді Алға аудандық мәслихатының интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
К.Ксупов

Аудандық мәслихат
хатшысы
Б.Жұмабаев

